




Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Микроқаржы саласында өсім бар

Елімізде микроқаржы ұйымдарының әлеуеті артып келе жатыр. Бір жылда МҚҰ активтері 55 пайызға, ал несие беру көлемі 58 пайызға өсім көрсеткен. 2022 жылдың маусымындағы дерек бойынша елімізде 243 МҚҰ жұмыс істейді. Бұл 2021 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 12 пайызға көп.

Былырдан бері МҚҰ активтері 54,7 пайызға, 997 млрд теңгеге дейін көбейді. Ал микронесиенің ұсынылу көрсеткіші

Екінші, «Микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасына сәйкес нарық талаптарына бірқатар маңызды өзгеріс енгізілмек. МҚҰ меншік капиталының минималды мөлшері 100 млн теңгеден 2024 жылдың басына дейін біртіндеп 200 млн теңгеге дейін кезең-кезеңімен өседі. МҚҰ қызметін пайдаланатын қарыз алушының қарыз жүктемесі коэффициентін есептеу әдісі де



58 пайызды құрады, яғни 838,3 млрд теңге. Олардың бұлай қарқынды өсуіне негізгі себеп – банктермен салыстырғанда клиент аудиториясының ауқымды болуы. Банктер көбіне облыс орталықтары, қала, әрі кеткенде ауданмен шектелсе, микроқаржы ұйымдары шалғай елді мекендерде де қызмет көрсете береді. Бұл олардың таралу ауқымын арттыра түседі. Дегенмен МҚҰ-лардың көбі Алматы және Жетісу облыстарына ортақ Алматы қаласында шоғырланған. Оңтүстік астанада 116 компания жұмыс істейді. Ақмола облысы мен Астанадағы МҚҰ саны 27-ге енді жеткен. Әрине, МҚҰ-лардың шалғай аудандар мен елді мекен тұрғындары үшін қолжетімді болуы сол өңірдегі халықтың несие рәсімдеуге деген мүмкіндігін ұлғайтады.

Қаншама МҚҰ-ның ішінен үш ұйымды даралап айтуға болады. Көш басында тұрған КМФ-тің ел аумағы бойынша 14 филиалы мен 116 қызмет көрсету нысаны бар. Одан кейінгі орында – 16 ресми дилерлік орталығы бар «Тойота Финанш Сервисес Қазақстан» және 116 сатылым нүктесі бар Solva микроқаржы ұйымы.

Соңғы уақытта МҚҰ-лар қызмет көрсетуде цифрлық технологияларды белсенді қолдануға көшті.

Жақында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі екі құжатты талқылауға ұсынды. Біріншіден, жеке тұлғалар үшін микроқаржы бойынша шекті сыйақыны енгізу туралы қаулы. Қарыз алушының қарыз жүктемесін шектеу мақсатында 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 20 пайыз деңгейінде бірыңғай несие мөлшерлемесін бекіту жоспарланып отыр. Қазіргі талапқа сәйкес мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген несие бойынша 20 пайыздық мөлшерлеме болса, кепілсіз несие бойынша мөлшерлеме – 25 пайыз көлемінде.

өзгеруі мүмкін.

МҚҰ нарығында жаңа технологияларды енгізіп, клиент үшін сервисті жетілдіріп жатқан компаниялар бар. Тиісінше, бизнес моделін тек өсімқорлық қағидатына негіздеп алған алдамшы ұйымдар да жетерлік. Сондықтан Микроқаржылық ұйымдар қауымдастығының басшысы Ербол Омарханов меншік капиталының минималды мөлшерін көбейтуді дұрыс деп санайды.

«Нарықта өз бизнесін дамыта алатын, қаржылық тұрғыда орнықты компаниялар ғана жұмыс істеуі керек. Алайда құжат жобасында меншік капиталының минималды мөлшерінен бөлек басқа да өзгерістер ұсынылып отыр. Ол өзгерістер нарыққа тым қатты қысым жасап, салдарынан көптеген ұйым жаңа жүктемеге шыдас бере алмай қалуы ықтимал», дейді.

Оның айтуынша, МҚҰ бизнесінің рентабельділігі бүгінде 20 пайыздан төмен. Сонымен қатар мөлшерлемені 25-тен 20 пайызға дейін төмендету МҚҰ кірістілігін үштен біріне дейін төмендетіп тастайды дейді.

Айта кетейік, биыл агенттік 600 млн теңге көлеміндегі микроқаржыларды кешіру туралы шешім қабылдады. Осылайша, 28 мың қарыз алушының несие есі кешірілмек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, жыл соңына дейін 432 мың қарыз алушының 33,1 млрд теңге көлеміндегі қарызы қайта құрылымдалады. 107 мың қарыз алушының 0,8 млрд теңгесі ішінара, ал 28 мың қарыз алушының 0,6 млрд теңгесі біржолға кешіріледі.

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық микроқаржы көлемі 416 млрд теңге болды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Достастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты, деп хабарлайды EgeMen.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.



Президент ТМД елдері басшыларының бейресми кездесуіне қатысты

Мемлекет басшысы Санкт-Петербургде өтетін мемлекеттер басшыларының кездесуі ТМД аясындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасуға және келешекте атқарылатын міндеттерді айқындауға жақсы мүмкіндік беретінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ТМД-ға төрағалығы аясында Достастықтың әлеуетін күшейту үшін бірқатар нақты шара қабылдағанын атап өтті.

– Жыл бойы 80-нен астам ірі шара өткізілді. Экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, тығыз гуманитар-

мен арадағы тауар айналымы қаңтар-қазан айларында 11 пайызға артып, шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бытыр осы кезеңде 26,5 миллиард доллар болды. Өсім шамамен 5 миллиард долларды құрады. Бұл – жақсы үрдіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ішкі өңірлік сауда-саттықтың қарқынын сақтап, экономикалық саясатты қазіргі жағдайларға бейімдеу маңызды екенін айтты. Сондай-ақ ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының назарын мынадай өзекті міндеттерді шешуге аударды.

– Сауда-саттыққа қолай-

лық жобалардың тиімділігін арттыру үшін ынтымақтастықтың жаңа механизмдері мен форматы керек. Осы тұста «Солтүстік–Оңтүстік» халықаралық дәлізінің маңызы артып отыр, сондай-ақ «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» темір жолы маңызды көлік бағыты ретінде зор рөл атқарады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қауіпсіздік саласындағы іс-әрекеттерді келесі маңызды бағыт ретінде атап өтті. Қазақстан төрағалығы аясында қабылданған 2023-2025 жылдарға арналған терроризм мен экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық бағдарламасы бұл міндеттерді атқаруға толық сай келеді.

–Ұйымды қазіргі жаһандық жағдайларға бейімдеу үшін оның әлеуетін үнемі жетілдіріп, Достастықтың халықаралық аренадағы беделін күшейтуге тура келеді. Жақын арада ТМД жанындағы Бақылаушы және Достастықтың серіктесі институттарын құруға қатысты құжаттарды әзірлеу жұмыстары басталады. ТМД кеңістігінде ортақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық және тілдердің қолданыс аясын кеңейту ісінің мәні зор. Санкт-Петербургде Достастықтың 2023 жылғы Мәдени астанасы ресми мәртебесін беру ТМД-ға мүше мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға ықпал етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жинаға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Садыр Жапаровқа Қырғыз Республикасының ТМД-ға алдағы төрағалығына табыс тіледі.



лық байланыстарды сақтауға және Ұйымның беделін арттыруға бағытталған көптеген бастама жүзеге асырылды. Біздің бірлескен күш-жігеріміз қазан айындағы Астана саммитінің қорытындысы бойынша қабылданған құжаттарда айқын көрінді. Жыл бойы, ең алдымен, ТМД-ның 2030 жылға дейінгі экономикалық даму стратегиясының міндеттерін іске асыруға ерекше назар аударылды. Бұл бағыттағы жұмыстар табысты болды. Қазақстанның ТМД-ға мүше мемлекеттер-

мен арадағы тауар айналымы қаңтар-қазан айларында 11 пайызға артып, шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бытыр осы кезеңде 26,5 миллиард доллар болды. Өсім шамамен 5 миллиард долларды құрады. Бұл – жақсы үрдіс, – деді Мемлекет басшысы.



ТҮРКІСТАНДА ЖУРНАЛИСТЕР ФОРУМЫ ӨТТІ

Түркістан қаласында өңір журналистикасының өзекті мәселелерін талқылау бағытында «Журналистика мен блогосфера: Азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпалы» атты журналистер форумы өтті. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Мәдениет сарайында өткен шараға облыстағы БАҚ өкілдері, атап айтқанда, аудандық, облыстық газет, телеарна журналистері, өңірдің баспасөз хатшылары, әлеуметтік желі белсенділері мен журналистика саласында білім алып жүрген студенттер қатысты.

Форумның ашылу салтанатында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев модераторлық етіп, өңір журналистерінің ұлттық идеологияның іргесін бекітуші екенін атап өтті. Кездесуде телевизия саласының ардагері, Түркістан қаласының тумасы – Тілеуқабыл Мыңжасар, белгілі жур-

пікірлерімен бөлісті. Телеарна саласының ардагері Тілеуқабыл Мыңжасар сөз сөйледі.

–Түркістанның төрінде сіздермен жүздескеніме өте қуаныштымын! Түркістанда форум өтетінін естіп, қуанып келдім. Мұндай жүздесулер журналистерге шабыт беріп, жазушыға қанат бітіреді. Әр түрлі әдемі армандарға жетелейді. Біздің заманымызда мұндай кездесулер болған жоқ. Қазір Тәуелсіздіктің арқасында осындай керемет форумдар ұйымдастырылып жатыр. Туып-өскен жерім Түркістан облысы орталығына айналғанына биыл 4 жыл болды. Білік пен халықтың ортасындағы алтын көпір – осы журналистер. Сондықтан бүгінгі қоғамда журналистерге қойылатын талап та, міндет те үлкен. Журналистердің алға қойған мақсаттары да ауқымды. Сондықтан үлкен шаруаның тұтқасын ұстайтын жас журналистерді даярлау керек, – деді Т.Мыңжасар.

Ал Қайнар Олжай жазудың алғышарттары туралы орнықты, өзекті ойларын айтып, сауатты жазу туралы ұстанымдары мен сын-ескертпелерімен бөлісті.

–Жазу–адамның жанын тазартады. Неше түрлі лас әрекеттер бар қоғамда адам жаза білуі керек. Бүгінгі қоғамда бір сөйлем немесе бір кітап жазсаң да сауатты жазу қажет. Сауатты жазу ол–мәдениетті жазу. Жазған мәтінінен қате кетпеген адам, ол – мәдениетті адам. Жазатын адам көркем жазу керек. Бір сөйлем болмаса, тұтас мақала жазсаңыз ол оқырманға ой тастауы тиіс. Жазғанда сауатты әрі көркем жазыңыздар. Алдыңғы буын ағалардың абырой-атақтарына бедел түсірмей қалам сілтеген абзал, – деді.

Бұдан соң сөз алған Алмас Тоқабаев мырза аға буын пікірінен соң, жаңа медиа туралы ойын білдірді.

Форум аясында қатысушылар үш топқа бөлініп, секциялық отырыстарға қатысты. Онда «Цифрлық дәуір және БАҚ: қазіргі журналистикаға не жетіспейді?» тақырыбы бойынша қазақ телевизиясының ардагері Тілеуқабыл Мыңжасар телеарна журналистеріне арнайы шеберлік сағатын өткізді. Сондай-ақ форум тақырыбымен белгілі журналист Қайнар Олжай аудан-қалалық баспа БАҚ өкілдеріне дәріс берді. Ал «Журналистика және блогосфера: жанрлық-тақырыптық қиылыстар» тақырыбы әрі дағдарыс коммуникациясы бойынша Алмас Тоқабаев баспасөз хатшыларына арнайы тренинг өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Секция соңында қатысушылар еркін пікір алмасып, журналистика және блогосфера, әлеуметтік желілердің қоғамдағы маңыздылығы бойынша сұрақтар қойып, спикерлерден тұщымды жауап алды.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

налист, жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Қайнар Олжай және Дағдарыстық коммуникация бойынша сарапшысы – Алмас Тоқабаев қатысып, өңірдегі ақпарат саласына қатысты мәселелерді сөз етті.

– Қасиетті Түркістан өңіріне елордадан журналистика саласындағы қайраткер ағаларымыз арнайы келді. Бұл шараға Түркістан облысындағы ақпараттық, әлеуметтік саласында белсенді қызмет етіп жүрген әріптес, қаламдас азаматтар қатысып отыр. Бүгін ұйымдастырылып отырған форум аясында спикерлердің көзқарасы мен талдауларын тыңдай аласыздар. Яғни сұрақ-жауап пен пікір алмасу тұрғысындағы еркін форматта өтетін болады. Жақында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанға келген сапарында Түркістанға рухани және тарихи елорда мәртебесі беріліп, осы бағытта жұмыс жүргізу қажет екенін айтқан болатын. Алдағы уақытта осы мәртебе арнайы Жарлық негізінде қабылданады. Соған сәйкес, біздің облыс орталығын дамыту жұмыстары рухани, азаматтық қоғамды дамыту және ұлттық бағыттағы жобалармен тұрақты түрде жалғасып отыруы керек. Бұл жұмыстар сол аталған тұрақты бастамалардың бірден-бір жалғасы деп толық айтуға болады, – деді Бейсенбай Дәулетұлы.

Форум барысында спикерлер өз ой-

ШОЛАҚҚОРҒАН АУЫЛ ОКРУГІ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Өткен аптада аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов Шолаққорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында тұрғындармен кездесті. Ауыл округте соңғы тоқсанда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов өз сөзінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтың өткен тоқсанда халықпен өткізген есептік жиын барысында көтерілген бірқатар мәселенің орындалу барысына тоқталып өтті.

–Жібек Жолы- Достық, Жібек Жо-

«Ту тұғыры» саябағы мен мұражай ғимараттары аралығы қоршалып, көгалдандыру мақсатында көшеттер отырғызылды. Шолаққорған ауылындағы Сұлтанбек хан, А.Спатаев, А.Рақышұлы, Ү.Тастанов, Ж.Ерімбетов көшелеріне және Абай елді мекенінің орталық көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Демеушілер тарапынан да атқарылып жатқан жұмыстар легіне тоқталып өтсем: ИП «ДАНИЯР» есебінен С.Сиязбеков көшесіне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. «Катко» БК» ЖШС есебінен Шолаққорған ауылының Атамекен, Алматы-2, А.Ра-



лы–Ш.Оқшиев және Сұлтанбекхан-Теріскей көшелерінің қиылысына жаңадан бағдаршамдар қойылды. Жібек Жолы-Ж.Меймандосов, Жібек Жолы-Абылай хан, С.Қожанов-Абай, Жібек Жолы-С.Қожанов, І.Кеңесбаев-С.Қожанов көшелерінің қиылыстарында орналасқан бағдаршамдар орнына тұрғындардың жол қауіпсіздігін ескеріп, жаңа цифрлық бағдаршамдар орнатылды. Істен шыққан: Жәйшібеков-Абылайхан-Жамбыл, Сұлтанбек хан-Абылайхан, Жамбыл-Теріскей көшелерінің қиылысындағы бейне бақылау камераларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шолаққорған ауылындағы «Біресек» каналына, С.Қожанов көшесі бойына аяқ жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды. Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов көшесі бойында орналасқан

хышұлы, Жібек Жолы-2, Өркениет, Бірлік, Ынтымақ және Ақниет көшелеріндегі тұрғындарға электр жарығын сапалы әрі тұрақты берілуі үшін ағымдағы жылдың қараша айында 9,6 шақырым СИП кабель және 340 дана темір бетонды бағаналар орнатылуда, ағымдағы жылдың желтоқсан айының аяғында пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде,–деді аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов.

Жиынға келген ауыл округ тұрғындары аудан әкімдігі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, келесі жылға да бірқатар ұсыныс, пікірлерін назарға алуды жеткізді.

ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ТАУКЕНТ КЕНТІ ОКРУГІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ

Таукент кентіндегі Жыныс ата, Тәуелсіздік, Тойшыұлы, Мыңжылқы, Мәңгілік ел, Ықшам аудан, Бәйтерек көшелеріне асфальт жабындысын салу үшін сметалық құжат әзірленді. «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2023 жылға республикалық бюджетке ұсынылды. Қаржы бөлінген жағдайда құрылыс жұмыстары жүретін болады. Бүгінде «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы бойынша І.Кеңесбаев көшесінің 2,4 шақырымына асфальт жол төселінді. «Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС-і арқылы Жыныс ата, І.Кеңесбаев, Қ.Тоқмұхамедов, Ш.Бекжанов, С.Тойшыұлы көшелерінде орнатылған электр бағаналары түзетіліп, сымдары тартылып, қуаты жоғары трансформатор қойылды.

Демеушілер тарапынан: Биылғы жылы «БК Катко» ЖШС-нің демеушілігімен кент пен аурухана жолы бойына және почта мекемесі тұсынан бастап кіші коттедж жолы бойына жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, құрылыс жұмыстары аяқталды. Көп қабатты үш тұрғын үй ауласына 3-дана балалар ойын алаңшасы салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 4 көшенің жаяу жүргіншілер жолы күрделі жөндеуден өткізіліп, 2 көшеге және «Торлан строй»

ЖШС-і арқылы Мыңжылқы көшесі бойындағы оқушылар мінетін аялдама тұсына жарықтандыру жұмыстары жүріп, «Орталықтандырылған жүк тасымалдау базасының» мекемесі кенттегі орталық көшемен Тәуелсіздік көшесі аралығындағы жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Казатомпром SaUran» ЖШС-нің демеушілігімен көп қабатты үш тұрғын үй ауласына 4 балалар ойын алаңшасы салынып, «Атомшылар аллеясы» мен «Streetworkout» алаңы ашылды. Таукент кентінен Шолаққорған ауылы бағытына шығатын тас жол бойынан «Казатомпром-SaUran» ЖШС-нің демеушілігімен көше жарығы орнатылды. Бұл туралы аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов Таукент кенті округінің тұрғындарына соңғы тоқсанда атқарылған жұмыстар легінде баяндады.

Сондай-ақ, тұрғындар сала бойынша көкейде жүрген сауалдары мен ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, тиісті мамандар тарапынан жауап берілді.

Жиын соңында аудан әкімінің орынбасары халық тарапынан көтерілген әрбір ұсыныс, пікірлер аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының тікелей бақылауында екенін айтып өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.



Депутаттар шолаққорғандықтармен кездесті

Желтоқсан айының 13 күні аудандық мәслихаттың депутаттары Шолаққорған ауылының тұрғындарымен кездесіп, жыл басынан осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстарының есебін берді. Нақтырақ айтсақ, аудандық мәслихаттың сессияларында алынған қарарлар мен қабылданған шешімдер және атқарған істері мен олардың нәтижелері жөнінде сайлаушыларының алдында есеп берді. Депутаттық құрамда: Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Байғараев, депутаттар Б.Тұрғанбаев, Н.Майусова, Р.Әлжанов және Г.Есмұратовалар болды. Кездесуді Берік Мыңжанұлы ашып жүргізіп отырды. Жалпы, сайлаушылары алдында есеп беруге келген әрбір депутат өзі және мәліхат тарапынан атқарылған жұмыстары жайында жеке-жеке сөйлеп, есебін беріп жатты. Кейін, кездесуге келген тұрғындар депутаттарға сауалдарын беріп, ұсыныс-өтініштерін айтып жатты. Соның ішінде, алғашқы болып сөз алған Дәуітқали Бименов өзі тұрып жатқан Оқшиев пен Сұлтанбекхан көшесінің қиылысына жаңадан жүргізілген жарық бағаналарының әлден іліп, желілерінің жерге жетерліктей салбырап тұрғанын сөз етті. Депутаттар ауыл тұрғынының бұл сауалын назарға алғандарын және алдағы уақыттарда қадағалайтындықтарын айтып сендірді. Мұнан соң сөз алған ауыл тұрғыны, Қоғамдық кеңестің мүшесі Талғат Жұмақов аудандық жарық жүйесінің жұмыстары сын көтермейтіндігін айта келе, аудандық мәсли-

хаттың депутаттарының назарына мына жәйттерге аударды: 1. Соңғы уақыттары ауданымызда және орталығы Шолаққорған ауылында жарықтың аяқ астынан сөну жағдайлары жиілеп кеткенін сөз етті. Әсіресе, қоғамдық кеңестің жанынан жұмысшы топ шығып, Жартытөбе мен Сызған ауылдарына барғандарында, тұрғындардың наразы болып жатқанын жеткізді. 2. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің ресми сайтында Желтоқсанның 6 күнгі жарияланған материалында биылғы, 2023 жылға облыс аумағында құны 6,1 млрд теңгені құрайтын инвестициялық жобалар бойынша жұмыстар жүргізілгендігі жайында айтылған. Нәтижесінде, ЖШС осы жылға 3,6 млрд теңгені құрайтын пайдалануға кенелген көрінеді. Енді осы жерде аудандық мәслихаттың депутаттарынан сұрайтыным, өздеріңіздің депутаттық мандаттарыңыздың күшін пайдаланып, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-не хат жолдап, осы жоғарыда айтылған инвестициялық жобаларға қаралған 6,1 млрд қаржы есебінен нақты біздің ауданымызда қандай жұмыстар жүрді. Сондай-ақ, ағымдағы 2023 жылға ЖШС-тің инвестициялық жобалары есебінен Созақ ауданында нақты қандай жұмыстар атқарылуы жоспарланып отыр екен. Олай дейтінім, қашан осы ЖШС-тің аудандық бөлімшесінің басшысы, сіздердің әріптестеріңіз Ф.Жүсіптен сұрасақ, ауданымыздағы трансформаторлардың дені көпшілігінің ескіріп, түбегейлі ауыстыруды немесе жөндеуден өткізуді

қажет ететінін алға тартады. Тағы да үнемі мұндай жұмыстарды жүргізуге «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-не ұсыныс жазу керектігін, онда да олар дұрыс көрсе ғана қаржы бөлетіндіктерін алға тартады да отырады. Нәтижесінде, аудан әкімдігі тұрғындардың жан айқайын естіген соң аудандық бюджеттен қосымша қаржы қарап, әлгіндей трансформаторлар мен желі бағаналарын ауыстыруға қаржы

қарауға мәжбүр боп жатады. Егер, бұл жұмыстардың барлығы аудан бюджетінен жасалса, аудан халқы, ЖШС тұтынушылары не үшін жарыққа қыруар қаржы төлеп отырмыз. Жоғарыдағы, ЖШС-тің сайтында көрсетілгендей Оңтүстік жарықтың жағдайын жақсартуға ғана ма? Міне, осы жәйттер жайлы зерттеп зерделеп, анық-қанығына көз жеткізіп, осы жарық мәселесін түбегейлі шешуге өз тараптарыңыздан ықпал етсеңіздер деген ұсынысын айтып өтті. Мұнан әрі, Созақ ауданында қазіргі таңда облыстық маңызы бар орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатқанын депутаттардың есіне сала отырып, мына жәйттерді мәлімдеді: Жалпы, Созақ ауданында ұзындығы 152 км жерді құрайтын жолдың орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуі жоспарланған. Сондай-ақ, бұл жөндеу жұмыстарын жалпы 170 млн теңгені құрайтын қаржы қаралған. Солай екен, осы бір қыруар қаржының мақсатты жұмсалып, ауданымыз үшін аса маңызды, облыстық маңызы бар орташа жөндеу жұмыстарының уақытында әрі сапалы жүріп, аяқталуын және ел игілігіне берілуін бақылауға алсаңыздар деді. Сонымен, сайлаушылары алдындағы кезекті есеп беру жиыны мәресіне жеткен аудандық мәслихаттың депутаттары тұрғындар тарапынан түскен барлық ұсыныстарды назарға алып, айтылған мәселелерді бақылауға алуға уәде беріп, тарқасты.

Данияр БЕК.

Созақ аудандық мәслихатының ШЕШІМІ

2022 жыл 23 желтоқсан №150

Шолаққорған ауылы

«Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-1) тармақшасына, Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 тамыздағы «Түркістан облысының «Түркістан облысы қаласының, ауданының» Құрметті азаматы» атағын беру қағидасын беру туралы № 29/315-VI шешіміне сәйкес және аудан әкімінің 2022 жылғы 19 қазандағы №01/04-23/1025 ұсынысы негізінде, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуына және мәдениетіне қосқан елеулі үлестері үшін төменде көрсетілген азаматтарға «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағы берілсін:

- 1) Абжанов Тузелбек- Зейнеткер
- 2) Аймуқанбетқызы Ұрқан- Зейнеткер
- 3) Асканбеков Созақбай Балабекович- Зейнеткер
- 4) Бейсембеков Мадияр- Зейнеткер
- 5) Жапбарқұлұлы Рахманберді- Зейнеткер
- 6) Жүзбай Жанғали Әлімханұлы-Қазақ ұлттық өнер университетінің «Домбыра» кафедрасының профессоры.
- 7) Камбаров Шамшиддин- Зейнеткер
- 8) Махашов Хамардин Койшибаевич- доцент, оқытушы
- 9) Мұратова Қалдықүл Қамалқызы- Зейнеткер
- 10) Турмаханов Мәлс Ашикбекович- Зейнеткер

2. Осы шешім жергілікті мерзімдік баспасөз беттерінде жариялансын.

Аудандық мәслихат хатшысы **Б.Байғараев.**

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

Кешегі Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына да 78 жылға жуықтады. Мектеп қабырғасында жүргенде біздің бір ғана аядай ауылда елуге жуық ардагер майдангер аталарымыз болды. Менің атам 50 жасында раббатқа кетіпті. Қираған қалаларды түрегелтуге аттаныпты. Сол майдангер аталарымызбен мектепте қыс, көктем, күз мезгілдерінде кездесулер өтетін. Сонда соғыс көрген аталарымыздың әңгімелерін ұйып тыңдаған біздер майданға аттанып батыр болғымыз келетін. Демалыс күні немесе қол қалт етсе соғыс ойынын ойнауға ұмтыламыз. Екі жақ болып ойнаймыз ғой, сонда ешбірі фашист болғысы келмейді. Бәріміз майданда жеңімпаз болғымыз келетін. Әкем тура 1945 жылдың 9 мамыры күні дүниеге келіпті. Ол да мен үшін үлкен мақтаныш болды. Сол аталарымыз қара етігімен таптаған Германияда әскери борышымды өтедім. Сержант шенімен оралдым. Менің қазіргі оқу бітіріп алған капитан шенінен маған сержант дәрежесі қымбат! Бүгінгі күні сол аталарымыздың саусақпен санарлық қана қатарлары қалды. Ол өмірдің заңы, Тәңірдің ісі болса керек. Қазіргі сәтте майдангерлеріміздің орнын немерелері саналатын біздер басыппыз. Біздер деп отырғанымыз Желтоқсаншылар. Біздің ең бірінші мақсат-міндетіміз келешек ұрпаққа отансүйгіштік қасиеттерін, Отанды сүю, қорғау, адал қызмет етуге дұрыс бағыт беру болып табылады.

Мектептерде болған кездесулерде кекілі желбіреген бала көрсем өзімнің балалық шағым есіме түседі. Ұрпақтар сабақтастығы, мына ұлан байтақ қазақ жерінің тұтастығы, соғыссыз ашық аспаным, сабилердің күміс күлкісі бақыттың ордасы емес пе? Жиырма ардагерлеріміз аудан көлемінде жастар арасында отаншылдық рухты насихаттайтын бір взвод жауынгер емес пе!

Міне, осы үлкен күшке қолдау білдіріп арнайы қабылдау өткізіп, жылы сөзімен, игі тілегін білдірген, ұсыныс пікірлерімізді тыңдап дөңгелек үстел жобасын ұйымдастырған аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлына ауданның желтоқсан ардагерлері атынан ризашылық алғыс айтамын. Сондай-ақ, Қарақұр ауылының әкімі Жәмиев Ордабек, Шолаққорған ауылының әкімі Елібаев Әділ мырзаларға да ризашылық білдіреміз. Соңғы жылдары мұндай кездесулер пандемияға байланысты, кейбір кеңестік дәуірде желтоқсан көтерілісін айыптау жағында болған азаматтардың желтоқсан көтерілісі туралы көзқарастары негізінде өтпей қалған болатын. Алдағы уақытта да біздер мектептермен, кәсіптік оқу орындарымен, жастармен тығыз байланыста болып тәрбие-тәлім жұмыстары мен шараларына атсалыса береміз.

Игі ниетпен:
Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жерлесімізбен мақтанамыз

Жерлесіміз «Жыл уағызшысы»



Қарақұр ауылының тумасы, жерлесіміз Нұрәлі Бақытұлы Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының «Мұфтиат үздігі-2022» жобасы аясында асыл дінімізді насихаттау жолындағы белсенді қызметі мен ыждағатты

еңбегі үшін аталмыш жобаның «Жыл уағызшысы» номинациясын иеленді. Жерлесіміз Нұрәлі Бақытұлы 1981 жылы 20 ақпанда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылында дүниеге келген. 1988-1998 жылдары «Қарақұр» орта мектебінде білім алған. 2002-2006 жылдары «Көкшетау» университетінде жоғары білім алып, «Инженер-эколог» мамандығын иеленген. 2009-2011 жылдары Мысыр мемлекетіндегі «Аль-Азхар» институтын бітіріп «Исламтанушы» мамандығын иеленген. Еңбек жолын 2014-2018 жылдары «Нибатулла Тарази» медресесінде ұстаздықтан бастаған. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап Жамбыл облыстық орталық «Нибатулла Тарази» медресесінің найб имамыретінде дін жолында халыққа еңбек етіп келеді. Отбасылы. Отбасында жұбайы екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр.

Марапат құтты болсын! Биіктен көрініп ел мерейін асқақта бер!

«Созақ үні»-ақпарат.

Тағы бір жыл тарих қойнауына еніп, санаулы күндерден соң біз Жаңа 2023 жылға қадам басамыз. Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан күтеріміз көп. Өткен жыл еліміз үшін де, аудан үшін де табысты жыл болды. Елімізде болашағымызды айқындайтын, маңызды саяси науқан Қазақстан Республикасының Президент сайлауы өтті. Сонымен қатар, республика бойынша жалпыхалықтық референдум өткізілді. Сондай-ақ, 13 жыл аталмай кеткен Республика күні 25 қазан болып белгіленіп, ұлттық мереке ретінде қайта жаңғырды.

Аудан басшысы Мұхит Тұрысбековтың бастамасымен бірнеше жобалар іске асты. Мұхит Сексенбайұлы уран өндіретін «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ қарасты компания басшыларымен кездесіп, халық алдындағы атқаруға тиіс міндеттерді айқындады. Әлеуметтік орталық, спорттық алаңша, төселген жол, көшелерге жүргізілген түнгі жарықтандырулар сынды биыл қолға алынған жобалар

теріне 14260 түп көшет отырғызылып отыр.

«Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы пайдалануға берілді

Шолақорған ауылында «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы ашылды. Жаңадан пайдалануға берілген орталықта ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жанына қажеттінің бәрі бар. Орталық мүгедектерге және олардың отбасыларына психологиялық көмек көрсету, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларға оқыту мен техникалық құралдарды



Ағымдағы жылға «Ауыл ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы бойынша аудан аумағындағы елді мекендер ішілік 30,4 шақырымды құрайтын 19 көшеге орташа жөндеу (13 көшені асфальттау, 6 көшеге қиыршық тас төсеу) жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен қаржы қаралды. Қайнар елді мекенінен 3 (Қайнарбұлық, Әділбеков, Мектеп-1) көше, Жуантөбе ауылынан 3 (Омарұлы, Қазыбек би, Жақсыбайұлы) көшеге тас жол, Қайнар елді мекенінде 1 (Мектеп-2) көшеге, Көктөбе елді мекенінде 6 (атауы жоқ №1, атауы жоқ №2, атауы жоқ №3, атауы жоқ №4, атауы жоқ №5, атауы жоқ №6), көшеге асфальттау жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда елді мекен 100% заманауи жолмен қамтылды. Қыземшек кентіндегі 3 (Көксай, атауы жоқ №2, Таңбалы тас) көшеге, Жартытөбе ауылында 2 (Сейфуллин, атауы жоқ №2) көшеге және Жуантөбе ауылындағы 1 (Әйтеке би) көшеге барлығы 13

БАРЫС ЖЫЛЫ ТЕРІСКЕЙЛІКТЕР

жылдың табысты болғанының дәлелі. Бұл жылды табысты аяқтаған теріскейліктер үшін, келер жыл жағымды жаңалықтарға толы боларына сеніміміз мол. Келер жылдан үлкен үміт күте отырып, дәстүрге сай, биылғы жылды қорытындылап, аудан бойынша атқарылған істерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Жасыл желектің аумағы артып келеді

Көктем мезгілінде аудан орталығы Шолақорған ауылы аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес 6 секторға бөлініп, әр секторды тиісті бөлім мекемелер жауапкершіліктеріне алып, көшелердің тазалығын қадағалап, тал

пайдалануды үйретеді. Сондай-ақ спорттық дене шынықтыру, массаж, көңіл сергіту шаралары, зияткерлік ойын түрлері мен рухани-танымдық шаралар өткізуге жағдай жасалған орталықта күніне 30 мүмкіндігі шектеулі азамат пен ардагерлерге қызмет көрсету жоспарланған.

Көшелерді түнгі жарықтандыру жұмыстары қарқынды жүргізілді

Шолақорған ауылы, «Ақшам» шағын ауданының 8 көшесіне аудандық бюджеттен 880 дана электр желісін тартатын бағаналар қойылып, түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда қолданысқа берілді. Сондай-ақ, Сұлтанбекхан, А.Спатаев, А.Рақышұлы, Ү.Тастанов, Сиязбеков,

дың қараша айында 9,6 шақырым СИП кабель және 340 дана темір бетонды бағаналар орнатылуда, ағымдағы жылдың желтоқсан айының аяғында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, Таукент кентінде «Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС-і арқылы Жыныс ата, І.Кеңесбаев, Қ.Тоқмұхамедов, Ш.Бекжанов, С.Тойшыұлы көшелерінде орнатылған электр бағаналары түзетіліп, сымдары тартылып, қуаты жоғары трансформатор қойылды.

Теріскейдің тегіс жолдары

Жол десе, көзімізге асфальт елестейді. Әрине, тақтайдай тегіс жолмен жүру — жолаушылардың арманы. Әрі діндеген жеріне қиналмай жетіп, уақытты үнемдеуге жақсы. Биылғы жылға жалпы аудан көлемінде 917 шақырым автомобиль жолдары бар. Оның 435 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 79 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар, 403 шақырымы елді мекендердің ішкі жолдары. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында автожол құрылысына, оның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керектігі айтылды. Осыған сәйкес, 2025 жылға дейін облыстық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі индикаторлық көрсеткішін 95 пайызға жеткізу міндеттелді. Облыстық маңызы бар «Уланбел-Созақ-Екпінді» автомобиль жолы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының теңгерімінде. Басқарма тарапынан облыстық маңызы бар жолдарға мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп, Ыбырайдан Қайнарға, Қайнардан Таукентке дейінгі аралықтарының жөндеу жұмыстары, Созақтан Қарағұрға, Құмкент-Шолақорған-Ащысай автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарына «Шымкентдорстрой» ЖШС-і жеңімпаз деп танылған болатын. Қазіргі таңда, аталған жолға жөндеу жұмыстары басталған, толықтай 2023 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Аудандық маңызы бар және елді мекеннің ішкі жолдарына жөндеу жұмыстары мен жаңадан жол салу жұмыстары жүргізілді. Аудан бойынша 403 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелерінің 219 (54%) шақырымы асфальт болса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 239,5 (59%) шақырым болған. Аудандық бюджеттен 3 көшеге асфальт жабындысы 1 көшеге тас жол салуға қаржы бөлініп, нәтижесінде Таукент кентіндегі Кеңесбаев, Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ №2, Созақ ауылындағы жаңа құрылыс №4 көшелерге асфальт жабындысы төселіп, пайдалануға берілді. Аққолтық елді мекеніндегі №4 көшеге 0,48 шақырым тас жол төселіп, пайдалануға берілді.

көшеге асфальт жабындысы төселіп, пайдалануға берілді.

2022 жылы ұзындығы 34,1 шақырымды құрайтын 23 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. «Ауыл-Ел бесігі» Республикалық бюджеттен ұзындығы 30,5 шақырымды құрайтын 19 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен ұзындығы 3,6 шақырымды құрайтын 4 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындар қауіпсіздігі үшін бағдарламалар орнатылды

Аудан тұрғындарының жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында жол белгілері мен бағдарламалар орнатылып, 2022 жылы аудандық бюджеттен 145 дана (Шолақорған, Жуантөбе, Созақ, Аққолтық) жол белгілері мен 6 дана жол кедергісі (Шолақорған ауылында А.Сүлейменов, Ә.Молдағұлова мектептерінің алдына, С.Қожанов, Жібек жолы көшелеріне және Жеткіншек елді мекеніне, Балдысу елді мекеніндегі Жамбыл мектебінің және Созақ ауылындағы Созақ мектеп гимназиясының алдына орнатылды. Аудан орталығы Шолақорған ауылының көлік қозғалысы көп көшелердің қиылыстарына жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін Жібек жолы-Абылайхан, Жібек жолы-Меймандосов, Жібек жолы-С.Қожанов, С.Қожанов-Абай және С.Қожанов-Кеңесбаев көшелерінің қиылыстарына цифрлық бағдарламалар орнатылып, аудан тұрғын-



көшеттерін отырғызды. Аудан аумағын көркейту, көгалдандыру мақсатында да бірқатар жұмыстар атқарылып, демалушылар есебінен ағымдағы жылдың наурыз айында Шолақорған ауылынан Түркістан бағытына шыға беріс автомобиль жолының екі шетінен 3 га жер телімі шарбақтармен қоршалып, 3500 түп көшет отырғызылып, қазіргі таңда көгалдандыру аймағына тамшылатып суғару жүйесі жүргізілген. Қараша айынан бастап Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес, аталған басқармаға қарасты «Жасыл желек» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тұқымбақтарында өсірілген 100 арша, 100 дана туя, 1950 түп үйеңкі, 312 түп қарағаш, 1125 түп айлант және «Жасыл Аймақ» КММ-нен 164 түп арша үлестіріліп, егілді. Аталған көшеттер қазіргі таңда аудан орталығындағы бюджеттік мекемелердің аумағына, көше бойлары мен Ту тұғыры алаңына және саябақтарға отырғызылды. Созақ ауданына ағымдағы жылы 13500 түп көшет отырғызу жоспарланса, үстіміздегі жылды аудан аумағындағы әлеуметтік нысандардың аулаларына, саябақтар мен жол жиек-

Ж.Ерімбетов көшелеріне, Таукент, Қыземшек кенті, Шу, Жуантөбе, Созақ, Басбұлақ, Сызған, Қайнар, Абай елді мекендерінде жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Электр жарығының сапасын арттыру үшін 10 дана трансформатор орнатылды

Сондай-ақ, үйлерге келетін электр энергия жеткілікті мөлшерде пайдалану және дауыл тұрған жағдайда электр жарығы жиі сөнудің алдын алу мақсатында да тиісті жұмыстар атқарылуда. Шолақорған ауыл округі, «Ақшам» шағын ауданында әр көшеге жекелеген 10 дана трансформаторлық подстанция орнатылып, Жартытөбе ауылындағы қосымша тоқ көзін қажет ететін Т.Әлімқұлов көшесіне қосымша трансформатор орнату жұмыстары жүргізілуде. Жақын күндері пайдалануға беріледі. «Катко» БК» ЖШС есебінен Шолақорған ауылының Атамекен, Алматы-2, А.Рахышұлы, Жібек Жолы-2, Өркениет, Бірлік, Ынтымақ және Ақниет көшелеріндегі тұрғындарға электр жарығын сапалы әрі тұрақты берілуі үшін ағымдағы жыл-



дарының жол қауіпсіздігіне оң әсерін тигізсе, ауданға қарасты ауыл мен елді мекендерде көшелерді жарықтандыру мәселелері оң шешімін тауып, кезең-кезеңімен орындалып келеді.

Демеушілер тарапынан көмек көрсетілді

Жуантөбе, Жартытөбе, Құмкент ауыл округінде тұрғындар тарапынан ауыз су мәселесі көтеріліп, аудан басшысы тиісті мекемелерге тапсырма берген болатын. Қазіргі таңда аталған мәселе бойынша жүйелі жұмыстар атқарылды. АҚ «Волковгеология» демеушілігімен тұрғындарды ауыз сумен 24 сағат толық қамтамасыз ету үшін Жуантөбе және Жартытөбе ауылында 1 (бір) дана қосымша ұңғыма құдық қазылып, қолданысқа қосу жұмыстары жүргізілді. Ал, Құмкент ауыл округінде қыркүйек-қазан айларында су тазарту қондырғылары орнатылып, елді мекен тұрғындары толықтай ағымдағы жылдың қараша айынан бастап ауыз сумен тәулігіне 24 сағат қамтылуда.

Сонымен қатар, аз қамтылған отбасылар да назардан тыс қалмады. Демеушілер тарапынан 4 отбасының тұрғын үй мәселесі шешімін тапса, осы қыс мезгілінде аз қамтылған 927 отбасыға



траншеяға көмілген және Автоматтандырылған газ тарату станциясы қондырғыларының орындары қоршалып, 2023 жылы қондырғылар орнатып, Шолаққорған ауылында газды пайдалануға беру жоспарлануда.

Ұлы мақсаттарға бастаған

«Ұлы дала жорығы»

«Ұлы Дала жорығы» әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ, жалпы республикалық ат спорты марафоны. Жалпы, жобаның мақсаты Қазақстанмен тікелей байланысы бар танымал тренд жасау, ұлттық мәдениетті халықаралық аренаға шығару, жастарды ұлттық мәдениет пен тарихты зерделеуге тарту, спорттық шеберлік пен ұлттық құндылықтарды ұлықтауға тәрбиелеу еді. Сондай-ақ, бұл марафон елімізде отандық туризм мен ұлттық спортты дамытуға үлкен серпін береді деп күтілуде. Содан, елдің екі көзі талып күткен дүбірлі дода, «ҰлыДала жорығы» ұлттық марафоны Қыркүйектің 17 күні елордамыз Астанадағы «Қазанат» ипподромында салтанатты түрде ашылды. Бас-аяғы 19 команданы құрайтын, 100 шабандоз және 95 бәйге атынан тұратын марафоншылар Қыркүйектің 18- не Астана қаласынан шығып, Жезқазған, Қызылорда облыстары мен Созақ ауданының территориясын қамтитын 1200 шақырымды басып өтіп, түбі бір Түркі халқының рухани астанасы Түркістанда мәре сызығын кесіп өтулері тиіс болатын. Солай болды да. Сонымен, төрткүл дүние теледидардан, әлеуметтік желілерден тамашалаған тарихи додаға Түркістан облысының атынан сырлы Созақтың «Теріскей» командасы қатысып, небір азулы командаларды шаңға көміп, Түркістан облысы мен ауданымыздың халқының үмітін ақтап, жүлделі ІІІ орыннан көрінген бүкіл ел болып тамашаладық. Аталған додаға Түркістан облысы бойынша Зұлхарнай Думан мен Созақ ауданы бойынша жетекші Алмат Айтжан, Мырзағали Жақаев бәйге аттарының иелері, шабандоздар Зұлхарнай Думан (команда капитаны), Өскен Тоқтарұлы, Армият Маханов, Есентай Исатай, Нұрша Сайдрахман қатысып, облысымыздың намысын қорғады.

ҮШІН ТАБЫСТЫ БОЛДЫ

1550 тонна қатты отын (көмір) таратылып берілді.

Ауылшаруашылығы саласы жаңа қарқын алуда

2022 жылдың қорытындысымен үш жақты келісімнің орындалуы бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Ауыл шаруашылығы негізгі капиталы мен тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына инвестиция тартылып, тиісті жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ, биылғы жылы аудан бойынша 14 275 га егістік егіліп, оның ішінде 285 га бидай, 1 016 га арпа, 817 га жүгері, 1 227 га мақсары, 508 га картоп, 504 га көкөніс, 504 га бақша өнімдері, 2500 га жаңа жоңышқа, 6 914 га өткен жылдардағы жоңышқа орналастырылды.

Сонымен қатар, ауданға 25 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу межесі белгіленіп, тапсырма 100 пайыз орындалды. Ауданда ағын суды үнемдеу мақсатында Шолаққорған ауыл округінен «Атамекен» шаруа қожалығына 40 га, «Жанболат» шаруа қожалығына 12 га, Таукент кентінен «Сейілбек ата» шаруа қожалығына 10 га, барлығы 62 га аумаққа жаңбырлатып суару қондырғылары орнатылып, жаңа технологияларды пайдалану жұмыстары жылдан жылға еселеніп келеді.

«Атомшылар аллеясы», «Street Workout» және балалар ойын алаңшасы ашылды

Таукент кентінде «Kazatomprom-SaUran» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қолдауымен салынған төрт балалар ойын алаңшасы, «Атомшылар аллеясы» және «Street workout» алаңы пайдалануға берілді.

-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында айтылған халыққа көмек көрсетуді табысты жүзеге асырып, көптің ықыласына бөленіп келген «Kazatomprom-SaUran» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі компаниясы, ауданның даму жолында әрқашанда үлкен қолдаулар білдіріп келеді. Осындай өрелі өндіріс орындары өңірімізде өркен жайып, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға және бірқатар әлеуметтік нысандарға демеушілік танытуда. Оған дәлел Таукент кентіндегі қос қуаныш, «Kazatomprom-SaUran» демеушілігімен салынған төрт балалар ойын алаңшасы, «Атомшылар аллеясының» және «Street workout» алаңының ашылуы.

Құрылыс саласында атқарылған істер

Айта кету керек, биылғы жылы Созақ ауданында құрылыс саласында бірқатар жұмыстар атқарылды. Соның бірегейі құрылыс және сәулет саласы бойынша іске асырылған 3 нысанның құрылысы аяқталып пайдалануға беріліп отыр. Олар Жуантөбе ауылы мен Қаратау ауылының әкімшілік ғимараты, Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов

көшесі бойынша әкімшілік (военкомат) ғимаратына қосымша жай құрылыстары. Мұнан бөлек Шолаққорған ауылындағы С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы күні пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар, қазіргі таңда Аққолтық елді мекенінде 75 орынға арналған мәдениет үйінің құрылысы нысанының жұмыстары толық көлемде аяқталып отыр. Сондай-ақ, аталған ауылда инвестор тарту арқылы мұнара тұрғызылып, «Kcell» АҚ тарапынан базалық станция орнату жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Бүгінде Аққолтық ауылының тұрғындары толықтай «Актив» байланыс желісі және мобильді интернетпен қамтылып отыр. Қызымшек кентінде «Аппак» ЖШС-нің демеушілігімен үлкен теннис алаңшасына арнайы төсеніштер, сыртқы қоршау шарбақтары ауыстырылып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Созақ ауыл округі орталығында жаттығу залы мен үлкен, заманауи үлгіде (стадион) футбол алаңы құрылысы басталды.

Ыбырай елді мекенінде Құрманғазы мектебінің құрылыс жұмысы басталды. «Созақ аудандық орталық ауруханасына» МКК қарасты жұқпалы аурулар бөлімі жаңа ғимаратқа ауыстырылды. Бүгінгі таңда жұқпалы аурулар бөлімі орналасқан ғимарат 2021 жылға дейін САОА мәйітханасы, 2021 жылдың қазан айынан бастап ПЦР лабораториясы болған. Ағымдағы жылдың шілде-қазан айлары аралығында аталған ғимаратқа күрделі жөндеу

Жұмыспен қамту мәселесі оң шешімін тауып отыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орнын ашу» тапсырмасын жүктеді. Бүгінде аудан бойынша 586 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылды. Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысымен халықты жұмыспен қамту орталығына 3780 адам жұмыспен қамту мәселелері бойынша жүгініп, бүгінгі күнге 3737 адам жұмыспен қамту шараларына тартылып отыр.

Оның ішінде: 1271 адам бос жұмыс орындарымен, 24 адам қайта мамандық алу үшін қысқа мерзімді оқумен (3 айлық курс), 90 адам «enbek.kz» платформасында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқумен, «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 539 адам онлайн оқумен, 1358 адам қоғамдық жұмыстармен, 83 адам әлеуметтік жұмыс орындарымен, 264 адам жастар практикасымен, 23 адам «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша, 15 адам «Күміс жас» жобасы бойынша жұмыспен қамту шараларымен қамтылды және 80 азаматқа жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 400 АЕК (1 225 200 тенге) мөлшерінде қайтарымсыз грант берілді.



ларымен қамтылды және 80 азаматқа жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 400 АЕК (1 225 200 тенге) мөлшерінде қайтарымсыз грант берілді.

Ауданды газдандыру жұмысы жалғасады

Автоматтандырылған газ тарату станциясының магистральды газ құбыры-тармағын салу жұмыс жобасы бойынша 2019-2021 жылдар аралығында Жаңатас қаласы бұрылысынан Созақ ауданына дейінгі магистральды газ құбыры мен АГТС құрылысы аралығында 840 дана электр бағаналары орнатылып, электр желілері 15 шақырымына жүргізілген болатын. Сондай-ақ найзағайдан қорғау құрылысы – 4 дана орнатылды. 43,8 шақырым құбырға арналған траншея дайындалып, құбырлар дәнекерленіп, 100%

Шу, Қаратау ауылдық округтері мен Аққолтық елді мекенінің мерейтойлары

Шу, Қаратау ауылдық округтерінің құрылғанына 60 жыл және Аққолтық елді мекенінің құрылғанына 70 жыл толуына орай аталған ауылдық округтерде мерейтойлар аталып өтті.

Мерекелік шараларда ұлттық спорттан түрлі жарыстар өткізіліп, қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Сәкен Майғазиев, Кенжебек Жанәбілов, Жұбанш Жексенұлы, Заттыбек Көлбосынұлы, Әділет Жауғашар, Наркенже Серікбаева, ауданымыздың тумасы, композитор Төлжанбек Жақсыбаев сынды ел азаматтары туған жерге деген ыстық ықыластарын білдіріп, әннен шашу шашып, мереке көрігін қыздырды.

Аудан әкімі халықпен бірге

Жыл басынан бері аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы аудан аумағындағы ауылдық округтер мен кенттерде жалпы саны 36 халықпен кездесулер өткізді. Жоспарға сай есептік кездесулерден де басқа уақыттарда елді мекендерді аралап, халықтың тыныс-тіршілігімен және тұрғындардың көтеріліп жатқан мәселелердің орындалу барысымен танысып, назарда ұстап отырады.

Бүгінгі таңда кездесулер барысында көтерілген мәселелердің бірқатары дер кезінде шешімін тауып, назарға алынған мәселелердің шешілуі үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Сонымен қатар, аудан басшысы жеке мәселелерімен келген азаматтарды жеке қабылдап, әрбір тұрғынның мәселесіне құлақ асып, заң аясында шешімін табуға көмектесіп келеді.

Жалпы алғанда, ағымдағы жылы аудан көлемінде атқарылған жұмыстар легі ауыз толтырып айтарлықтай десек болады. Әрине, барлық мәселені бір уақытта шешіп тастау мүмкін еместігін барлығыңыз жақсы түсінесіздер. Дегенмен, биылғы атқарылған жұмыстар көңіл қуантады. Ауданымыздың табыстары мен жетістіктері, бағындырар биіктері мен тың идеялары 2023 жылы да жалғасын табатын болады. Барша созақтықтар келер жылы да бірлік танытып, Тәуелсіз еліміздің дамуына өз үлесін қосатынына сенім мол. Баршамызға алдағы уақыттарда да еліміздің дамуы жолында үлкен қадам жасап, аянбай еңбек етуді жазсын.

**Беттерді дайындағандар:
Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
Ғалымжан БОСТАЕВ,
аудан әкімінің баспасөз
хатшысы.**

Семинар өтті

Жақында Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Оқу мен оқытудағы инновациялық үдеріске бағыттай отырып мектеп тәжірибесін дамыту» тақырыбында семинар болып өтті. Семинар мектеп директорының инновация жөніндегі орынбасары Әсел Жекенованың жылдық жоспарына сай курстан кейінгі қолдау, тәжірибеге енгізу мақсатында ұйымдастырылды.

Аталған семинар 3 кезеңнен тұрды. Әдістемелік дәрістер, конференция және ашық сабақтар.

ярқызы, О.Набиев аталған кезең бойынша дәрістерін оқыды.

Курстан кейінгі қолдау және тәжірибеге енгізу апталығындағы конференция бағдарламасы бойынша Ә.Жекенова, Ж.Бекпенбетов, Г.Бақбергенов, А.Жумабаева, Г.Абдиева, А.Сулейменова, А.Ибраева, И.Хасенова, М.Есім, М.Сағындықовалар әртүрлі тақырыптарда ой қозғап, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

Білім ордасының мұғалімдері Н.Әбдешова, Б.Бифондиева, Ж.Тәжібекова, М.Шойтанова, М.Баба-



Семинар барысында мектеп мұғалімдері өздерінің қызықты әдістемелерімен бөлісті. Мәселен, Қ.Имашева «QR код» жұмыс жасауы, М.Тынысбекова «Сағат», Э.Рүстемова «А.В.С.» әдістері жайлы мағлұматтар таратып, пікір алмасты. Сонымен қатар, мұғалімдер, И.Сәңкібаева, И.Хасенова, А.Ниязбекова, А.Алдабергенова, Т.Бақти-

жанова, Г.Жингилбаева, А.Ырысбай, Г.Абдурахманова, И.Бидаулетова, Ж.Өскенова, Ә.Рзалы, К.Сарыбайқызы, Г.Сайлауова, Ж.Жолдасова, А.Аманбай семинар аясында барлық сыныптар бойынша ашық сабақтар өткізді.

Осындай шаралар мұғалім қабілеттері мен тәжірибелерін арттыруға үлкен септігін тигізери анық.

«Оқуға құштар мектеп»



Жуырда Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқитын отбасы, оқитын оқушы: мектеппен ынтымақтастық» тақырыбында арнайы онкүндік іс-шара болып өткен болатын.

Аталған онкүндік аясында мектеп кітапханашылары А.Айдарбекова мен А.Құлатаевалар кітапханада көрмелер ұйымдастырды. «Ақпараттық қоғамда баланың оқуына ата-ананың ықпалы қандай?» тақырыбында коучинг, «Бір сынып, бір кітап» акциясы, «Ертегілер еліне саяхат» атты иллюстрациялық көрме, ұлтымыздың

ұлы ұстазы А.Байтұрсынновтың туылғанына 150 жыл толуына орай «Елдігімнің еңселі тұлғасы» тақырыбымен кіші ғылыми академия кеші, «Сиқырлы поэзия» сынып сағаты, «Мен оқыған шығармадағы замандастар бейнесі» тақырыбында пікір алмасу алаңы, «Ең үздік оқырман ұстаз» байқауы болып өтті.

«Ең үздік оқырман ұстаз» байқауының ұйымдастырылу мақсаты ұстаздардың ойлау қабілетін, тапқырлығын, жылдамдығын, танымдық белсенділігін арттыру болды. Әртүрлі тақырыптардағы сұрақтарға мәдени түрде жауап беру, қарым-қатынасты дамыту, бағыт-бағдар беру, әдістемелік көмек көрсету де осы байқаудың негізгі мақсат еді.

Мектеп ұжымы, аталған онкүндікке қатысып, ұйымдастырушы мұғалімдер мен мектеп кітапханашылары жоғарыда айтылған шараларды сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастырған. Мұндай шаралардың оқушыларға, ұстаздарға берер танымдық тәрбиесі өте көп деп есептейміз.

Бақытгүл БИФОНДИЕВА,
Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Осы жаңа заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар,

Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Әдеп кодексінің басты міндеті—сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шара-

ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ

ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар басты мәселелердің бірі басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиістілігі көрсетілген. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір сайысты сыпайы нысанда жүргізуге тиіс. Әдеп кодексінің басты міндеті—сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жіктестіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Ахат БАКИРОВ,
Созақ ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдардағы әдеп жөніндегі уәкіл, аудан әкімінің аппарат басшысы.

2023 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:
Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге
«Қазпошта» арқылы:
-Жеке жазылушылар (индекс 64450)- 2371 теңге 20 тиын
-Мекемелер үшін (индекс 19450) - 3571 теңге 20 тиын
«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы
Жеке жазылушылар үшін -2250 теңге



қаласында панкратион спорт түрін дәріптеу және ондан ары дамыту. Салмақ категориялары бойынша мықты спортшыларды анықтау. Белсенді және салауатты өмір салтын насихаттау. Спортшылардың спорт шеберліктерін арттыру. Панкратион бойынша мықты спортшыларды анықтау болып табылады. Аталған жарысқа ауданымыздан (элит) бөлімі бойынша 62 кг салмақта өнер көрсеткен Бейсенбі Қадір II орын иеленді. Айта кететіні М.Қиясбаев шәкірттері биылғы жылғы Республикалық бірнеше жа-

Жерлесіміз жеңімпаз болып оралды

Ағымдағы жылдың желтоқсан айының 16-18 жылды қызы аралығында Алматы қаласы «ЦСКА» спорт орталығында Панкратионнан (традишн және элит бөлімдері) бойынша (балалар, жасөспірімдер, кадеттер, жастар және ересектер арасында) Алматы қаласының чемпионаты болып өтті. Жарыстың мақсаты Алматы

рыстардың жүлдегері атанып үлгерді. Алдағы уақытта еліміздің көк байрағын әлемге танытады деген сенімдеміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» № 561 Заңының негізінде Созақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскери оқу орындарына талапкерлерді іріктеу жұмыстары жүргізілуде.

Талапкерлер Қазақстан Республикасы, Қорғаныс министрлігінің барлық жоғарғы әскери оқу орындарына түсе алады, атап айтсақ Алматы қаласындағы Құрлық Әскерлері әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Ақтөбе қаласындағы Әуе қорғаныс күштерінің әскери институтына, Көкшетау қаласындағы Кадет Корпусына және 8-9 сыныпта оқитын балдарға Арыстан мамандандырылған лицейіне іріктелуде.

ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.Дені сау;
- 2.Орта, арнаулы орта, орта кәсіптік білімі барлар;
- 3.Сотталмаған;
- 4.Кәсіптік мектептің бітіруші курсы, 11 сынып бітіруші сабақ үлгерімі жақсы оқушылары

ЖЭОО-на ТҮСКЕН АЗАМАТТАРҒА КӨРСЕТИЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

Әскери оқу орнына түскен азаматтар тамақ, жататын орны, киім үлгісімен қамтамасыз етіліп, айына шәкіртақы алады. Жылына 2-рет демалыс беріледі.

Қосымша мәлімет алу үшін Созақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне хабарласуға болады.

Анықтама сым тетігі: 4-15-92.

Сексеуіл-елдің байлығы

Жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға көрік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақты, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Ауыл тұрғындарына ерттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамамызға белгілі.

Бақтияр КҮНЕКБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде өртке қатысты жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды.

Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендігі кезекте қоғам болып орман өртінің алдын алуға ат салысайық.

Сексеуіл алқаптарындағы жаңадан өсіп, жетіліп келе жатқан көшеттер, болашағымыз үшін өте маңызды. Сексеуілді қорғап, оны аялау әр азаматтың парызы. Табиғат байлығы сексеуілді көзіміздің қарашығындай сақтайық ағайын! Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы білген жөн.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Сәкен ФАЙЗУЛЛАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРІМЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жалпы, Созақ аудандық спортын сөз еткенде бұл азаматтар жайлы сөз етпей кету мүмкін емес. Олай дейтінім, ауданымызда үйірме ретінде ашылып, жұмыс істегендеріне көп болмаса да Мұрат Серікбаев жаттықтыратын бірінші оғланда-рымыздың күні бүгінге дейін жеткен жетістіктерімен қалай мақтансақ та жарасады. Тура, Шардара жұртшылығының өздерінің Армрестлингші ұл-қыздарымен мақтанғанындай. Өйткені, жоғарыда айтқанымдай үйірме ретінде ашылып,



жұмыс жасап келе жатқан біріншілеріміз осы аздаған уақыттың ішінде Олимп шыңдарынан басқаның бәрін бағындырып қойды. Оның да бір ғана себебі бар, бір көтеру спортының әзірше Олимпиада ойын түрлеріне кірмегендігі ғана. Әйтпесе, Әлем мен Еуропада, Азия мен Республикамызда қарсылас шақ келтірмей жүрген Мұрат Тұрсынбайұлы мен оның Қобыланды (ХОБА) сынды шәкірттері ендігі Олимпиада ойындарының да бірнеше рет жеңімпазы болып қояр ма еді. Кім біледі, бәлкім бұның да ауылы алыс емес шығар? Тек, сол күнге дейін тақымымызды қысып, ел болып, Әлем, ЕуроАзия және Республика чемпионаттарындағы ойындарын тамашалап, жеңістеріне жетіскеннен басқа шарамыз жоқ. Сонымен, сондай соңы жетістіктердің біріне жылдың соңғы айы Желтоқсанның 7-10 күндері қол жеткіздік. Нақтырақ айтсам, жылды қорытындылауды жөн көрген бір спортының майталмандары Щучинск қаласында Гір тасын көтеру спортынан ҚР-ның кубогын өткізуді ұйғарыпты. Еліміздің барлық облысынан небір сайдың тасындай жігіттер жиналып, кіл мықты мен кім мықты анықталар жарыс біріншілігіне ауданымыз бен облысымыздың намысын арқалап, Мұрат Серікбаев жаттықтыратын жастарымыз да барып, жеңісті жолдарын жалғастырып қайтты. Нәтижесінде, 63 кг салмақ дәрежесінде жұлқа көтеруден жарысқа түскен Сабыр Нұрсұлтан жүлделі III орынға табан тіреді. Ал, 73 келіде жұлқа көтеруден сыңа түскен ардагер спортшымыз Мұрат Тұрсынбайұлы екінші орынды иеленді. Ал енді, 63 кг салмақ дәрежесінде және 78 кг салмақта серпе көтеруден бақтарын сыңаған Баби Орынбасар мен Қобыланды Орынбасаров інілеріміз турнирдің жеңімпаздары атанып, алтыннан алқа тағынды. Сөйтіп, Созақ спортының жұлде қоржыны жыл аяғында тағы да 1 қола, бір күміс және екі алтын медальмен толықты. Ендеше, Мұрат Серікбаев ағамызға және ол жаттықтыратын жеңімпаз жастарымызға алдағы уақыттар спорт олимптерін бағындыруға тілеулес екенімізді білдіріп, аудан жұртшылығының, оқырмандарымыздың атынан алғысымызды айтып, ризашылығымызды жеткіземіз! Жеңісті күндерде жолыққанша, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміш-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.